

Р.С.Тұрысбек 

Филология ғылымдарының докторы, профессор
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан
Rst58@mail.ru

АҚЫН-ҚАЛАМГЕР РАФАЭЛЬ НИЯЗБЕК ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ АЛАШШЫЛ МҰРАТ ПЕН АЗАТШЫЛ РУХ

***Аңдатпа.** Мақалада ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбектің шығармашылық мұрасы, әсіресе поэзиясындағы азаматтық сарын мен азатшыл рух мәні, прозасындағы елдік мүдде мен ұлттық мұрат, тұлғатану мәселелері кең көлемде қарастырылады. Ақын-қаламгердің азаматтық ұстанымы мен елшіл-қоғамшыл бағыттағы әр алуан жанрдағы туындыларындағы іргелі ізденіс, тақырыптық ерекшелік, жанрлық-көркемдік сипаттар мәнінің өзіндік өзгешеліктері әр қырынан баяндалып, дәлелді дәлдік, нақтылы талдау, зейінді зерделеу, байыпты саралау-салыстырулар тұрғысынан сөз етіледі. Бұдан басқа, шағын, орта һәм көлемді жанрлардағы шығармаларындағы қоғамдық құбылыстар мәні, заман шындығы, адам мұраты мен еңбек болмысы, ел-жердің тарихы, дәстүр мен дүниетаным, тұлға һәм тұлғатану, руханият ісінің қазыналы қайнарлары, тәлім-тәрбие арналары кең түрде орын алады. Ақын –қаламгер мұраты мен ұстанымы, елдік мүдде мен руханият мәні көркем шығармашылық тұрғыдан байыпты баяндалып, зейінді зерделеніп, талдау-саралаулар нәтижесінде көзқарас пен қолтаңба ерекшелігі, тақырыпты ашу бағытындағы әр алуан ізденіс іздері, тұлға табиғатын тану мен жасау жолдары, ой-сөз жүйесі, тіл-стиль сипаттары айқын аңғарылады.*

***Тірек сөздер:** азаттық, елдік мүдде, тарих, тәуелсіздік, ұлт, заман, руханият, мәтін, сөз, стиль*

Кіріспе. Өмірдегі бітім-болмысы өнердегі өлкесімен өрнектелген, Алашшыл жүрек тынысынан азатшыл рухтың лебі есіп тұратын – ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығарма-шылығы шын мәнінде елдік мүддеге, ұлттық құндылықтарға, руханият ісінің қазыналы қайнарларына толы болып келеді. Ұлттық мүдде, өршіл рух айқын аңғарылады.

Ақын-қаламгер Р. Ниязбек қаламынан туындаған – «Келер күндер» (1969), «Қаратау мен Алатау» (1971), «Темірқазық» (1973), «Жер жанары» (1977), «Отағасы» (1978), «Қаңтар» (1981), «Қызыл үй» (1985), «Тас құдай» (1993), «Тыңда мені, замана» (2001),

«Қыдыр - ғұмыр» (2002), «Махамбет майданы» (2003), «Нұрлы таң» (2006), «Құлагердің құлыны» (2008), «Қағанат» (2010), «Көсем» (2021) т.с.с. әр алуан жанрлардағы туындылары іргелі ізденістердің, реалистік шындық пен көркемдік қабылдаудың, ой мен сөз жүйесінің, кейіпкер келбеті мен тілдік мүмкіндіктердің, тегеурінді талант пен стильдік құбылыстардың таныс та бейтаныс, тылсым да табиғи үйлесімін терең танытады. Алашшыл жүрек пен азатшыл рухты арқау еткен поэзиялық һәм прозалық туындылардан, сөз жоқ іргелі ізденіс, қоғамдық құбылыстар мәні, заман шындығы, адам мұраты, ақиқат айнасы мен жасампаздық жолдары,

парасат парадигмалары мен көркемдік кеңістігі, ой-сөз жүйесі, уақыт мәні кең түрде айқындалып, терең танылып тұрады [1].

Ақын-қаламгер Р. Ниязбектің шығармашылық қазынасы – қазақ әдебиетінің тарихын байытумен бірге, елдік мүдде, ұлттық құндылықтар қайнарын асқақтата түседі. Ақиқат мәні, шындық жүзіне қатысты өлең-поэма, прозалық туындылары – елдік мүдде тұрғысынан сөз етіліп, адам мұраты мен еңбек болмысы, өмір өнегесі айқын көрінеді.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Мақаланы дайындау, жазу кезеңінде 2006 жылы жарық көрген – «Нұрлы таң», 2008 жылы шыққан – «Құлагердің құлыны» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы, 2010 жылы жарық көрген - «Қағанат» атты жыр жинағы, 2021 жылы шыққан – қоғам және мемлекет қайраткері, даналық пен даралықтың бірегей үлгісі Д. Қонаевқа арналған «Көсем» атты тарихи романы пайдаланылды. Ақынның шығармашылық қазынасындағы негізгі тақырыптарды анықтап және олардың қазақ әдебиетіндегі орны, жанр жүйесі мен көркемдік өрісі кең көлемде зерделеніп, байыпты бағаланады. Р. Ниязбек шығармаларындағы тарихи оқиғалар мен тұлғалардың бейнеленуі жан-жақты зерделенеді. Мақала мазмұны мен зерттеу жүйесінен әдеби-ғылыми талдау, дереккөздері мен мәліметтерді жүйелі жинақтау-салыстыру, зерделеу мен талдау сынды көркемдік тәсілдер кеңінен қолданылады. Көрнекті қаламгер мұрасы – елдік мүдде тұрғысынан қарастырылып, тақырыптық мәні, жанр жүйесі, кейіпкер әлемі, мәтін

құбылысы, тіл өрнегі, стиль сыры, көркемдік өрісі кең орын алады.

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек туралы жазған замандастары мен тұстастары, ғалымдардың еңбектерінде оның шығармашылығы әр түрлі аспектіде қарастырылып, кең түрде талданған. Белгілі ғалымдар өз зерттеулерінде Р. Ниязбек шығармаларын қазақ әдебиетінің ұлттық, теориялық және әлеуметтік тұрғысынан зерттеген. Басым бағыттары, ізденіс арналары, көркемдік һәм стильдік ерекшелік қырлары кең түрде сөз етіледі.

Атақты қаламгер Мұхтар Мағауин ақын Р. Ниязбек шығармашылығын қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап, жаңаша формада көркем шығарма тудырудағы маңызды қадам деп бағалады. Ол, әсіресе Р. Ниязбек шығармаларын ұлттық әдебиеттегі ерекше құбылыс ретінде қарастырады. М. Мағауин Р. Ниязбектің шығармаларында қазақ халқының тарихи болмысы мен мәдениетінің сақталуы мәселесі ерекше орын алатынын айтып, жазушының елдік мүдде мен ұлттық рухты көтерудегі қызметін жоғары бағалаған.

Академик З. Қабдолов, профессорлар Ж. Дәдебаев, Н. Омашев, Қ. Әбдешұлы, Е. Сағат, Н. Қашағанұлы, З. Шілдебайұлы, Н. Ақыш, С. Негимов, С. Құлбарак, Т. Мұқашев, Г. Орда т.б. ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек туралы көптеген сын мақалалар мен зерттеулер келтірілген. Ол Р. Ниязбек шығармашылығын әдебиет-тегі ұлттық мұраның жаңаша көзқараспен түсіндірілген үлгісі ретінде қарастырып, оның қазақ әдебиетінің тарихы, теориясы мен сын жанрындағы орнын анықтайды. Олар

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух өз кезегінде Р. Ниязбек шығармаларындағы асқақ рухты, елшіл-қоғамдық қасиеттерді, ұлт тарихындағы танымал тұлғалар хақындағы іргелі ізденістерді, талдау-салыстыруларға негізделген мәнді материалдар мен елеулі еңбектерді дәлелді дәлдіктер арқылы айрықша атайды.

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек туралы жазған ақын-жазушылар, ұстаздар мен ғалымдар оның қазақ әдебиетіндегі ерекше орны мен қоғамға ықпалын тереңінен зерттеген. Олар Р. Ниязбек шығармашылығын ұлттық әдебиеттегі іргелі ізденістер жемісі, соны жаңалықтар мен терең ойлардың бірігуі ретінде кең түрде қарастырып, оның орынын қазақ әдебиетінің дамуына қосқан зор үлес ретінде атап, маңызды-мәнді қырлары көрсетіледі.

Ақын мұрасы – әр жылдары жарық көріп, «Таңдамалы» басылымдарынан кең орын алды. Бұдан басқа, «Қазақтың Рафаэлі» атты деректі фильмде кеңінен көрініс береді (9.04.2025 ж.), ҚР Ұлттық кітапханада ақын-қаламгер Р. Ниязбек шығармашылығы мен жаңа кітаптарының таныстырылы-мында жан-жақты сөз етілді (25.04. 2025 ж.).

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Ақын-қаламгер Р. Ниязбектің шығарма-шылық мұрасы байтақ әлем. Олар, негізінен елдік мүдде мен ұлттық құндылықтар жүйесін кең көлемде қамтып, қоғамдық құбылыстар мәнін, дәуір дидарын, адам өмірі мен еңбегін, тарих пен таным, дәстүр мен дүниетаным арналарын жан-жақты сөз етеді. Атап айтқанда, поэзиясының басты белгілерінің бірі - Алаш мұраты мен азатшыл идеяны, ақиқат пен парасаттың бірлік-сабақтастығын кең көлемде көрсетуінен танылар еді. Ақын мұрасы ел әдебиеті тарихынан

да кең орын алды [2]. Айталық, «Нұрлы таң» (2006) атты өлең-дастандардан тұратын жыр-жинағы ел-жердің тағдыр-талайын, адам өмірі мен еңбегін, әсіресе ұлт тәуелсіздігінің тарихы мен тағылымын жан-жақты жырлайды. Жыр-жинағына енген - «Алаштың асыл ардағы», «Азаттық », «Күлтегінің көк тасы», «Хан ақылы», «Астана», «Көк байрақ», «Бәйтерек», «Оралмандар», «Туған елдің нұрлы аспаны», «Ақын сыры» атты өлең-дастандар азат қоғамды, елдік мүддені, ұлттық құндылықтарды, тәуелсіздік мұраттарын кең көлемде көрсетеді. Айталық, азаттық мәні, бостандық-теңдік жолы, тәуелсіздік мәні - «Күлтегінің көк тасы » атты өлеңінде:

*Көңіліңде жайқалып тұр орманың,
Сері сенім – қорғаның.
Тегін емес мына өтпелі кезеңде
Елге тұтқа болғаның.
Көңілімнің жұлдыз жанып көгінде,
Аққу жүзген көлінде.
Елге біткен қасиетпен қашанда,
Сіз жүресіз жүрегімнің төрінде.
Ғасырлардың қойнауында жоғалған,
Күлтегін – рух елге қайта оралған.
Жеткердіңіз іргелі елге, ірі елге,
Қазағымды қазынасы тоғайған.
Жұртыңызды ерен елге теңейсіз,
Сүрінгенде қолтығынан демейсіз.
Күлтегінің елге оралған көк тасын*

- Ата Рухтың оралғаны дегейсіз, -
десе, елдік мәні, ұлттық таным
арналары «Бәйтерек» өлеңінде:

*Дүние түгел көшкенде жыр тіліне,
Ашық аспан айналған түңлігіне.
Бұл бәйтерек аспанның бұлтын
емген*

*Жұмыр жердің шанышылған кіндігі
ме?!*

*Құтырылған құйыны құрықталған,
Қилы өмірде көп нәрсе сұрыпталған.
Бұл Бәйтерек, кім білсін, алып
шығар,*

*Тік көтеріп жер шарын тұрып
қалған,*

-деп өмір мәнін, дүние дидарын, ел тұғыры-Бәйтеректің сыр-сипатын ашады. Алғашқы өлеңде Күлтегін мұраты – Ата рухпен астасып, Алашшыл-азатшыл идеяны биік белеске көтереді. Елдік мүдде, арман-аңсарлар алдыға шығады. Азаттыққа күштарлық, тәуелсіздік мұраттары да келелі келешекке деген үмітті ұлғайта түседі. Күлтегіннің көк тасы ғасырлармен өлшенген, тарих қойнауларынан сыр тартқан, кеше-бүгін байланысының сыр-сипаттарын тартымды, әсерлі ашады. Өмір-өзен – өлең өзегі, уақыт өрнегіне айналады. «Өлең – өмір, өмір – өлең» екені көрінеді [3].

Ал, «Қазақ ұлты» деген өлеңінде:
*Ана тілін білмейтін,
 Ата тілін алмай және тілдейтін
 Мәңгүрттердің көкірегінде
 Сәуле бар деп ойлама,
 Санасына қаққан шеге кірмейтін.
 Сырқат қоғам қашан дерттен
 сауықты,
 Адам неге бір-бірімен жауықты.
 Жар астында жасырынған
 жаулардан,
 Ел ішінің мәңгүрттері қауіпті.
 Ал мәңгүрттер ұмыттырып
 ғұрпыңды,
 Қанға майлап ұртыңды.
 Жырыңды жау өлтіре алмаған,
 Өлтіреді рухыңды,*

- деп арғы тарих пен қазіргі кезең шындықтарын, дәстүр мен дінді, тіл мен рухты өз ара салыстырады. «Мәңгүрттер әлемінің» сырын ашады. Нәтижесінде: қоғам мен адам, өмір мен уақыт тынысы көрсетіледі. Адам мен оның өмірі, ақыл-парасаты, ататарих пен ана тілі сын тезіне түседі. Кеше-бүгін байланысы, ұлт пен ұрпақ сабақтастығы да таразыға тартылады. Өмір-уақыт шындықтары, тұрмыс-тіршілік түйіткілдері де «мәңгүрттер әлемімен» байланыста беріледі. Ақиқат жайт-

тар, боямасыз болмыс бедерлері бүкпесіз айтылады. Ақындық мұрат, өмір оқиғасы мен шындықтары кең өріс алады. Ал, «Құлагердің құлыны» (2008) атты өлеңдер мен поэмалар жинағы көлемі мен құрылымдық өзгешеліктерінен өзге тақырып алуандылығымен, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді адам факто-рымен сабақтастықта жырлаумен, ең негізгі елдік мұраттарды биік бел-белестерге көтеріп, ақиқат жайттарды – уақыт пен кеңістік қатынасын, ақыл-парасат арналарын, замана шындықтарын, өмір-тұрмыс сырларын, тәлім-тәрбие мен сыйластық иірімдерін т.с.с. айқын да анық, екпін мен серпінге толы сипатта жүйелі өткізеді. Тақырып табиғатына еркін ену, ізденіс мұраттарын ізгілік пен жасампаздыққа құру, басты мәселенің мән-маңызын ашуға басымдық беру, маңыздысы елдік рух, уақыт өрнегі, көркемдік өріс – ақын көзқарасы мен қолтаңбасының негізін құрайды.

Ақын Р. Ниязбектің «Қағанат» (2010) атты жыр жинағы ұлт тәуелсіздігі мен ел дамуындағы іргелі өзгерістерді, замана шындығы мен уақыт тынысын, елдік пен ерлік қасиеттерді, адамшылық жол мен имандылық иірімдерін кең көлемде жырлайды. Әсіресе, ақынның ел-жер жайлы толғамды толғаныстары, еліміздің тәуелсіздігі туралы тебіреністі ойлары жан-жүректен қозғалып, қалам қуаты, шабыт шалқары көркемдік категорияларымен, мәдени-рухани һәм эстетикалық құндылықтармен табиғи астасып, жаңа арна, өзгеше ағыс құрайды. Қоғамдық құбылыстар, кезеңдік көріністер, уақыт тынысы да ақындық қуаттан нәр алып, айрықша

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух екпін, өзгеше өрнек, ерекше серпінге ие болады. Лирикалық кейіпкер өмір мұраты мен мәніне терең ден қояды. Адам әлеміне, жүрек-таразыға жиі жүгінеді. Айталық, «Аласамын, халқымнан» өлеңі ел мен жер жайлы, замана шындықтары төңірегіндегі келелі ойларды қозғайды. Атамекен, ар-намыс, тарих пен таным, тағдыр туралы ойлары мен толғаныстары іргелі ізденіс, шынайы көзқарас пен айқын қолтаңба жемісі екені анық. Өлеңнің тұтас табиғатынан ақын өмірі, жастық кезеңдері, қиын да күрделі уақыт бедері дәуір дидары, кезең шындығы, кеше, бүгін байланыс-тары арқылы көрсетіледі. Ақын кезекті тұста:

*Тамырымды қуалап,
Аққан емес салқын қан.
Заман талай айныса да жолынан,
Айнып әсте көргенім жоқ
салтымнан.*

*Алла жарылқап,
Алатау боп кетсемде,
Құдай қолдап,
Қаратау боп кетсем де,
Аласамын, халқымнан,*
- деп қалың көппен бірге екенін, елге қызмет ету – қарыз-парыз, сауапты істер қатарына жататынын бүкпесіз баяндайды. Адамдық істі ардақтап, адамгершілік жолын асқақтатып, имандылық иірімдерін басты ұстаным ететіні танылып тұрады. Өлеңнің өн бойынан ел-жерді мадақ тұту, ар-намысты ту ету, өжеттік пен өршіл рухты асқақтату сенімі берік, сезімі жоғары. Елдік мұраттар асқақ көрінеді. Отан-Ана орны, атамекен мәні, адамдық әлем иірімдері терең. Ел-жер қадірі мен қасиеті, азаматтық мұрат-міндет биік пафоспен беріліп, идеялық түйіні қазіргі кезең шындықтарымен үйлесім-үндестікте сипат алады. Уақыт рухы терең танылады.

Жыр кітабындағы - «Бір кеменің үстінде» атты топтамаға енген «Арал

кұрып барады», «Арал мұңы», «Арал қызы», «Теңіз қайда», «Құлаған зымырандар», «Айдын көлдің азасы», «Киіктердің көз жасы», «Ана қасіреті» сынды туындылар - Арал қасиеті мен қасіретін, ұлт пен ұрпақ қамын, тарих пен тағдыр тауқыметін жан-жақты ашады. Ақын Арал мен адамдар тағдырын қатар көрсетіп, кеше мен бүгін байланысын, қоғамдық құбылыстар сырын, кезеңдік көріністер мәнін көркем де келісті жырлайды. Ақын Аралдың қасиеті мен қасіретін қатар көрсетіп, қоғам назарын да аударады. Адамдар әрекетін, табиғат тылсымын да ашады. Нәтижесінде, Арал мұңын айтып, сырын шертеді. Қоғам назарын аударады. Ел бірлігі, жердің бүтіндігі, адам капиталы басты құндылық ретінде көрсетіледі. Халық мұраты мен мүддесі бар асылдан да биік қояды. Өйткені, елден ешкім үлкен емес. Адам-қоғам байлығы болса, еңбек - қозғаушы күш. Ақын ұстанымы осы. Кітаптың басым бөлігін- елдік мұрат пен ерлік қасиеттер, тәуелсіздік тұғыры мен жасампаздық жолдың сырлы шежірелері құрайды. Жыр кітабына енген- «Қазақ елі», «Қазақ десек», «Тәуелсіздіктің тарысы», «Адамдардың ұяты», «Жаһандану», «Қазақ атқа қонса», «Ақиқаттың ескенде ақ самалы», «Біз-алыппыз» сынды өлеңдер тақырыптық ерекшеліктерімен бірге халықтық қасиетімізді, ел-жердің күдіретін, адам қайраты мен еңбегін терең танытады. «Ел іші» өлеңі кеше-бүгін байланысын, балалық пен жастықтың сырларын, адамдар арасындағы қарым-қатнасты, адалдық пен арамдық сыр-сипаттарын салыстыру-салғастырулар арқылы нақты, нанымды ашады. Ел мен жер, адам мен еңбек, тарих пен тағдыр қатар көрініс беріп, өмір сыры, уақыт тынысы кеңінен

ашылады. Елдік мүдде, ұрпақ қамы кеңінен қозғалады. Ақын әлемінен елдік мүдде, ертеңгі күннің қамы, келелі келешек көкжиегі бар бояу-нақышымен бедерлі мән-сипат алып, көркемдік келісімімен, сыр-сымбаттарымен жүйелі сабақтастық құрайды.

Ал, «Қайран, ауыл», «Ауылдың ауыр тұрмысы», «Туған жер» сынды өлеңдер тақырып-мазмұн жағынан ғана үндес емес, сонымен бірге қазіргі кезең шындығын, өмір-тұрмыс сырларын суреттеу сәттерінде де ортақ тұстары бар. Ақиқат жайттарды баяндау мен ортақ кемшіліктерді көрсетуде де мүмкіндік мол. Ауыл ажары да, жадау-жүдеу тартқан сұрқай да сүреңсіз, көңілсіз көріністері де ащы шындық, боямасыз қалыпта беріледі. Ауыл мен оның адамдары, еңбегі мен қайраты, қарапайымдылығы мен төзімділігі кеше-бүгін байланысы арқылы жүйелі жеткізіледі. Авторлық ұстанымға ден қойсақ, ақиқат алдында қоғамдағы, адам өмірі мен еңбегіндегі, дәстүр мен дін, салттардағы артық-кемтұстарды, бәрі-баршасын жайып салады. Қазіргі кезеңнің ащы шындықтары кеше-бүгін байланыстарымен, озықта тозық қилы көріністермен қатар көрсетіледі. Ақындық өнердің асыл арнасы, биік белесі, кең өрісі де осында болса керек.

Жыр жинағындағы – «Адамдар», «Ақсақалы жоқ елде» атты өлеңдер қоғамдық құбылыстар мен өмір мұратын, адам әлемі мен еңбегін, сыр-сипаттарын кең көлемде ашады. Алғашқы өлеңде:

*Жазық дала болса егер атырабы,
Мертігеді неге елдің арғымағы?!
Адамдарда мейірім болса егерде,
Қалтырай ма жанымның
жапырағы,*

- десе // 290 бет //, келесі өлеңде:
*Тағдыр кімнің алдына тор құрмаған,
Қарттар қайда тонға орап
тоңдырмаған.*

*Ақсақалы жоқ елдің кеудесінде,
Дариясы ақылдың толқымаған,*

- деп (290 бет) адамдар арасындағы артық-кем тұстар көрсетіліп, қарт-ақсақалдың орын-үлесі айқындалады. Екі өлең де адам мұраты мен еңбегін, өмір-тұрмыстағы ерекшелік қырларын кеңінен көрсетеді. Адам әлемі, ақсақал орны, өмір тағылымы кеше-бүгін байланысы арқылы көрсетіледі. Тарих тағылымы, тағдыр талқысы да қатар көрінеді. Ақын арғы-бергі кезең көріністерін салыстыру-салғастыру негізінде уақыт бедері мен өлшемін негізгі назарға алады. Ұлт пен ұрпақ сабақтастығына мән береді. Кітапқа енген - «Қазақ елі», «Қазақ десек» сынды өлеңдер тарих пен танымды, халық пен нарықты, ел мен ерді қатар көрсетіп, оны қазіргі кезең шындықтармен байланыс-сабақтастықта жырлайды. Елдік-ерлік сырлары, адами мұрат-мүдде мен заманауи үрдістер де тиісінше көрініс тауып, көркемдік парадигмасы кең өріс алады. Ақын мұраты, өлең өнегесі- ұлт пен ұрпақ сабақтастығын, даму үрдістерін кеңінен көрсету. Елдік мүдде мен ерлік рухты мадақ сезіммен, жан-жүректен асқақтатуға келіп саяды. Елдік мүдде, ұлттық рух орны айқындалады. Жыр жинағының алтын өзегі, күретамыры да осы.

Кітаптың біраз бөлігін арнау өлеңдер («Астанадағы Бауыржан ескерткіші», «Туған елдің төріндесің», «Мұқағалидың рухы сөйлегенде», «Аламанға ат қостым», «Талғар таудың сыйласаң бір биігін», «Замананың шыңғырған бір биігі», «Ақ сәуленің ішінен сені көрем»), келесі тұсын ұлттық рухқа толы

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух жырлар құрайды («Абай жаққан бір сәуле», «Қазақ рухы», «Хан Кененің мылтығы», «Әулие қарттар барында», «Көк бөрі жыры», «Шындық», «Қара жерге халық ие», «Ерлер барда...»). Біздіңше, аталған өлең-жырлар арғы-бергі кезеңнің шындық сырларын, тарих пен танымның тоғысын, танымал тұлғалардың есімі мен еңбегін терең ашады. Ақын мұраты мен көзқарас эволюциясынан ел-жерге сағыныш, өмірге құштарлық, өнерге сүйіспеншілік кеңінен көрініс табады. Тақырыпқа еркін ену, адам мұраты мен еңбегін асқақтату, жанр жүйесі мен көркемдік таным арналарын жіті танып, өзгеше екпінмен, соны серпінмен жеткізу мүмкіндіктері мол. Өзіндік ізденіс, шындық сырлары да көптеп кездеседі. Бастысы, әрине шығармашылық мақсатын, көркемдік-эстетикалық нысанасын қалың көпке-оқырманға бүкпесіз жеткізеді. Көркемдік-идеялық мұраттарын да көзқарас эволюциясы, қалтаңбадағы айқындығымен көрсетеді. Атап өтер жайт: ақынның өлең-жырларында азаттық идеясы, тәуелсіздік мұраттары, ұлт пен ұрпақтың мүддесі, дәстүр мен дін өнегесі, тарих пен танымның терең иірімдері, тәлім-тәрбие арналары, сыр-сезімнің шынайы үлгі-өрнектері көптеп кездеседі. Ел-жер, ата-ана, Тараз-Талас өңірі, ауыл менсоның адамдары, өмір-өзен, тарих пен таным, тұлға мен тағдыр, ар-намыс, елдік пен ерлік, халық пен нарық, уақыт пен кеңістік хақындағы тақырыптар да тиісінше кең көлемде қозғалады. Ақындық өнердің көркемдік кеңістігінен, ақыл-парасат парадигма-сынан кеңдік пен тереңдік танылса, көзқарас пен қолтаңбадан азатшыл-жаңашыл үрдіс, азаматтық әуен, қайраткерлік келбет, айшықты-нақышты бейнелі-

лік, кемел интуиция, реалистік дәлдік, поэтикалық өрнек, мың сан арналы ізденіс иірімдері молынан ұшырасады. Мұның бәрінен, сөз жоқ ақындық өнердің айбыны мен айдыны, көркемдік көкжиегінің шексіз-шетсіз кеңістігі, ұлт мұраты мен кемел келешектің бедерлі бейнесі бар қырынан самаладай жарқырап көрінеді. Ақын мұраты қалам қуаты мен шабыт қайнарынан бастау алып, жан-жүректен қозғалып, көңіл толқынының толғам-толғаныстарымен табиғи астасып, алуан ізденіс, мың сан бояу, көркемдік таным арналары сыр-сезім тұтастығымен, айшықты-нақышты бейнелілікпен, тілдік-стильдік ерекшеліктерімен, екпін мен серпінге толы сипаттарымен нақты да нанымды, шынайы да шебер, жүйелі жеткізіледі. Ақын кредосы мен поэзия парадигмасы да осы. Тұтастай алғанда, ақын-қаламгер Р. Ниязбектің өлең-жырлары кеше-бүгін байланы-сын, тарих пен таным арналарын, адам мен оның еңбегін, өмір мәні мен уақыт шындықтарын кең көлемде көрсетіп, оны әр алуан ізденіс, көркемдік парадигмалары арқылы жатық та жүйелі жеткізеді. Алашшыл жүрек, азатшыл рухтан, сөз жоқ елдік мүдде, жасампаздық жолы, тәуелсіздік мұраттары айқын да ажарлы, көркем де келісті сипат алады. Автор бейнесі, ұстанымы да танылады. Өйткені: «...өнер туындысын жасаушы, қаламгер, өз шығармасы арқылы өзінің дара көркемдік танымын әйгілейтін шығармашылық тұлға» [4].

Ақын-қаламгер Р. Ниязбектің прозалық туындылар қатарын даңқты тұлға Д. Қонаевқа арналған - «Көсем» атты тарихи романы да толықтыра түсті [5]. Бұған дейін М. Өтемісұлына арналған «Махамбет майданы», А. Асқаров жайында «Тамұқ отына жанбаған»,

«Кемеңгер» сынды қомақты туындылар жазған-ды. Ал, Кеңестік кезең тұсындағы мемлекет және қоғам қайраткері, үш дүркін Еңбек Ері Дінмұхамед Қонаевтың өмір жолын арқау еткен – «Көсем» атты тарихи романы тақырыбы мен табиғаты, маңызы мен тағылымы, әлеуметтік-рухани һәм көркемдік-эстетикалық қырлары, тіпті көлемі жағынан да жалпақ жұрттың назарын аудартақан еді. Анығында, «Көсем» автордың күрделі жанрға қалам тартқан алғашқы туындысы емес. Бұған дейін де осы жанрда бірнеше кітабын жарыққа шығарып («Қыдыр ғұмыр» - 2002; «Кемеңгер» - 2011, 2015), оқырман қауымның ыстық ықыласына бөленген. Ал, «Көсем» - даңқты тұлғаның (Д.А. Қонаев хақында) еңбек һәм өмір жолы арқау болған, сан салалы оқиға мен талайлы тағдырлар талқысы тоғысқан, кезең шындығы мен уақыт рухы терең танылатын кең көлемді, тың өрісті, соны үрдісті, тағылымды туынды екені анық. «Көсем» романының авторы Р. Ниязбектің нақты тарихи деректерді шебер пайдалана отырып, басты тұлғаның көркемдік бейнесін ақиқатпен етене қабыстырып, көңілге күмән туғызбай толық ашқаны анық байқалады. Оның жазылу барысынан автордың біраз жылдарға созылған дайындығы, ізденістері анық көрінеді. Сондай-ақ, тұлға табиғаты мен тағылымын (Д. Қонаев хақында) көз көргендер мен замандастарының әр жылдары жазылған естеліктері мен жекелеген жинақ, кітаптардың да әсер-ықпалы мол болғаны байқалады. Елдік мүдде, ұлттық рух – тұлға табиғаты төңірегінде кең өріс алады.

Тарихи романның мазмұн құрылымын еске алсақ, бастапқы бөлікте – «Ұлыны ұлықтаған

туынды» деп аталған ғалым Темірбай Мұқашевтің көлемді алғысөзіне, ондағы бірқатар талдау жүйесіне көз тоқтатпай, айналып өту ағаттық болар еді. Т. Мұқашев тарихи романның кеңестік кезеңдегі көркемдік мәні мен нәрі, басты тұлға – Д. Қонаевтың болмысы мен ұстанымы, тұлғалық қыры мен көркем бейнесі кең түрде талдаған.

«Көсем» тарихи романының құрылымдық жүйесі төрт бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлім – 1955 жылдың наурыз айынан бастау алады. Бұл тұста - Мәскеуде Жоғарғы Кеңестің сессиясы өтетіні, Д. Қонаевтың сөз сөйлейтіні белгілі болған-ды. Алайда, Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы Пономаренкодан естіп-білгеніндей, Министрлер Кеңесінің төрағалығына бекітілетіні анықталып, КОКП ОК-нің Бірінші хатшы Н.С. Хрущевпен сол күні алғаш рет бетпе-бет кездескен. Кездесуден келген соң олар Қазақстан Ғылым академиясының президенттігіне кімді сайлау турасында да кеңескен. Л. И. Брежнев пен П. К. Пономаренко өз тараптарынан бірер ғалымды алға тартады. Д. Қонаев өз кезегінде Қ. Сәтбаевтың кандидатурасын ұсынады. Қазақстан Компартиясы ОК екінші хатшысы Л.Брежневтің оған қарсылығына қарамастан Д. Қонаев өз ұстанымында табандап тұрып, жауапкершілік жүгін мойнына алып, - Қ. Сәтбаевтың Ғылым академия-сына екінші рет президент болуына зор ықпал еткен. Осы кезеңдегі Д. Қонаев пен Қ. Сәтбаевқа қатысты баспасөзде кей кездері жарияланып қалатын қилы көзқарас, табансыз да тиянақсыз, ұшқары ойларға қарамастан, араларындағы адами мұраттар мен жоғары адамгерші-ліктен туындаған

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух достық, сыйластық сырлары тарихи туындының әлеуметтік мәні мен көркемдік қуатын да айқындайды. Автор ақиқат жайттарға табан тіреп, дәлелді дәлдіктерді уақыт рухымен сабақтастықта өрістетіп, маңызды тұстарға мән беріп, көркемдік арналарды негіз етіп, жүйелі жеткізеді. Мылтықсыз майданның жан-жүрекке салмақ салатын, көңілге көлеңке түсіретін, көзге көрінбес бір қыры, сырлы сипаттары осы тұстан танылады. Жылдар жемісі мен өмір тәжірибесі, уақыт рухы да терең көрініс береді. Бастысы, Д. Қонаев пен Қ. Сәтбаевтың адами болмысы мен биік мұраттары, қазақ ғылымы мен келелі келешегі хақындағы кемел ойлар мен терең толғаныстары мәнді сипат алады. Елдік мұрат пен қоғамшыл жүрек, жауапкершілік жүгі мен ұстаным кредосы айқын аңғарылады. Ұлт тарихнамасының кеңестік кезең тұсындағы тұғырлы тұлғалары – Д. Қонаев пен Қ. Сәтбаевтың адамдық мұраттары мен адамгершілік сипаттарынан, сыйластық сырларынан елдік мүдде мен ұлтқа қызмет ету миссиясы бәрінен де биік, жоғары тұрады. Тарихи романның мазмұн жүйесі мен даму үрдістерінен – Д. Қонаев пен Қ. Сәтбаевтың ел-жерге қатысты көзқарастары, елдік мұрат-мүдде жолындағы ортақ ұстанымдары айқын аңғарылады.

Тарихи туындының басым бағыттары мен даму үрдістерінен уақыт рухының ұлт руханиятына қатысты бірқатар жайттарына да кезігер едік. Айталық, Орталық Комитеттің хатшысы Ж. Шаяхметов Ғылым академиясының президенті Д. Қонаевты жедел шақырып, тарих, әдебиет және тіл білімі институттарының ғалымдары атқарып жатқан жұмыстары жөнінде мәнсіз һәм негізсіз бірқатар сұрақтардың астына алғаны бар.

Ғалымдардың көпшілік бөлігі, әсіресе тарихшылар көне соқпақ, ескі сүрлеумен жүргеніне басымдық беріледі. Хатшы сөзінен бірқатар ғалымдар, олардың арасында: «...М. Әуезовтің бұрын жіберген қателіктерін қалпына келтіру орнына ескі әуеніне қайта басқаны байқалады. Мәскеуге біржола көшкен Әуезовті академиктер құрамынан қалайда аластау керек» дегені ашық айтылған. Ол, сөз орайында танымал тарихшы Е. Бекмахановтың білім-ғылым ісіндегі бағыттары мен ізденісін де тілге тиек етеді. «...Кенесары Қасымов көтерілісін дәріптегенде, не ұтты? Жұмалиев пен оның төңірегіндегілер жазаға тартылды – дей келіп. – Академия қазір ғылымның ғана емес, сонымен бірге ордалы жыландардың ордасына да айналған» дегені бүкпесіз айтылған [5]. Қысқасы, Академия ғалымдары Орталық Комитеттің қаулысына атүсті қарайтынын, керісінше оған адалдық танытып, жауапкершілік жүгін арттыру қажеттілігін де қатқыл үнмен, сұсты сипаттармен жеткізіп, бояуын қалыңдатып, екпін түсіре айтады. Бұдан байқалатыны, Орталық Комитет нұсқауы, жоғары басшылық ұстанымы тек қалың бұқараның ғана емес қоғамдағы кез келген қоғамдық ұйымдардың да қарсылығынсыз, мүлтіксіз орындалуы керек екендігі айқын аңғарылады. Елдік ұстаным, ұлттық қасиеттер де осы тұстан танылады.

Ж. Шаяхметовтың астам сөзі, әділетсіз шешімді пәрмені, сөз жоқ Д. Қонаевтың жанына батты. Сөз кезегінде оған Ғылым академиясы жарғысында академиктен шығару туралы ереже жоқ екенін алға тартты. Ғылым көкжиегін кеңейту, тарих ісін ақиқатқа айналдыру жолында жүрген бірегей болмысты біртуар тұлғалардың жазықсыз жапа

шегуінің жөні жоқ, қисынсыз характер екені турасындағы ойларын ортаға салады. Романда Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы бірлесіп өткізген көне дәуір әдебиетіне байланысты конференция, М. Әуезов пен М. Ғабдуллиннің эпос мәселесіне қатысты қайшылықты кереғар көзқарастары, Қазақстан жазушыларының съезінде Бірінші хатшы Пономаренко Әуезовті төнген қауіп-қатерден қалай қорғағаны хақындағы жағдаяттар да кезең шындықтары-мен сабақтастықта өріс алып, байыпты баяндалып, сенімді сөз етіледі. Бұл жайлар Мәскеудің империялық өктемдігі екенін Д. Қонаев анық аңғарған еді. Тарихи романда бұл жайттар кезең шындықтарымен байланысты өріс алып, уақыт рухымен сәйкестікте беріледі. Д. Қонаевтың жауапкершілік жүгін жан-жақты сезініп, ғылым ісі мен ғалымдар еңбегін жан-жақты ашып, кеңінен көрсетеді. Романдағы бұл тұстар, шын мәнінде кеңестік кезеңнің қатқыл жүйесін, идеологиялық ұстанымын, уақыт рухының: «ұр да жық» сынды бағыт-ұранын, астамшыл әрекеттерін анық-қанық таныта түседі.

Автор романның екінші бөлігінде Д. Қонаевтың тарихи тұлға, кезінде алашорда мүшесі болған Әлімхан Ермековпен жол үстіндегі кездейсоқ кездесуі баяндалады. Ол кезде Д. Қонаев Мәскеудегі институтта оқитын. Екеуі бірін-бірі танымайтын еді. Қонаев – студент, Ермеков – тұтқын. Д. Қонаев оның көптің бірі, жәй адам емес екенін іші сезген. Оның арып-ашыған, жүнжіген аянышты калін көрген Дінмұхамедтің сол бір сәтін автор: «Есіл ерді қор қылған қайран заман-ай!» деп жүрегі қан жылап, көзінен ыстық жас ытқып кетеді. Бірақ

қолдан келер дәрмен қайсы», – деп шарасыздық танытқанын көркем тілмен көкейге қонымды етіп жеткізген. Конвоирдың көзін ала бере оның әйеліне жазған хатын алып, жасырып қалады. Олар арада он сегіз жыл өткен кезде қайта кездескен. Осы сәт романда былай суреттелген. «Әлімхан көп сөзге жоқ кісі еді. «Шырағым мені танымайтын шығарсыз», – деп келген шаруасын айта бастап еді Дінмұхамед сөзін бөліп: «Әлеке, о не дегеніңіз. Сізді білмейтін қазақ баласы бар ма бүгінде. «Ұлы математика курсы» деген кітабыңызды оқып, жан дүниенің рухына көкірек көзімізді суарып өстік емес пе. Оның үстіне баяғыда сізді тұтқындап Мәскеуге алып бара жатқанда вагонда кездескеніміз қайда. Сондағы студент мен едім ғой», – деп есіне салған. Әлімхан мұндай тосын жәйітті күтпеген еді. Қатты толқып, көңілі босап, жылап жіберді. «Ой, айналайын-ай, сол хатты салып, хабар жеткізбегенде жеңгең мені қандай зауалға тап болғанымды білмей әуре-сасаңға түсіп, ішқұста болып өлетін бе еді, әлде қайтер еді. Алла бетіңнен жарылқасын сені», – деп Дінмұхамедті қапсыра құшақтап, ұзақ егілді» [5]. Романда суреттелген осы бір сәт кез келген оқырманның жан-жүрегін тебірентері анық. Ақын-қаламгер Р. Ниязбек екі тұлғаның тарихи кездесуін оқырманға осылай жеткізген. Болған жайды бүкпесіз баяндап, қаз-қалпында жеткізген автордың ұстанымы мен жазу өнеріндегі бағыт-бағдары, көркемдік шеберлігі қалың көпті сөзсіз тәнті етпей қоймас.

Бұдан кейінгі жерде, яғни Қазақстан Компартиясы ОК 1-хатшылығына Л.И. Брежневтің, 2-хатшылығына Новосібір обкомын

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух басқарған Яковлевтің сайлануы, Мәскеудегі КОКП XX съезі тұсындағы қилы әрекеттер, Кагановичтің солтүстік облыстарды аралаған кезеңдегі көріп-білгенінен де билік ұстанымы, уақыт рухы, «саясат сыры» байқалған еді. «Мәскеудің ойын ережесі» ОК кезектен тыс Пленумы, Н.С. Хрущев пен Г. Маленков қақтығысы, И. Сталиннің қайтыс болуы, Беляевтің қазақ жұртына басшы болуы, Теміртау жұмысшыларының ереуілі, Д. Қонаевтың ОК 1-хатшылығына сайлануы т.с.с. қоғамдық құбылыс, өмір-уақыт шындықтары, тарих таразысы тұрғысынан суреттеледі. Тарихи романның даму өрісі мен көркемдік арналарынан танылатынындай, «саясат алаңынан» елдік мұрат-мүддеден тыс, жеке адамдар көзқарасы мен қақтығысы, тағдыр талқысының бәсі биік болғаны да айқын аңғарылады. Роман авторы жоғарыда аталғанындай, қоғамдық құбылыстар мен саяси өмірдегі ауыс-түйіске, билік тұтқасын ұстағандардың көзқарас жүйесі мен адами болмыс-мұраттарын да өмір өрімі, оқиға өрісі, уақыт рухымен сабақтастықта сөз етеді. Кезең көрінісі мен заман шындығын өмір ағынымен, уақыт тынысымен байланыс-бірлікте баяндайды. Билік жүйесіндегі көзқарастар қайшылығы мен ұстанымдар жүйесіне, «саясат ойынының» астарлы-қатпарлы, сындарлы тұстарына халық қағидаттары, өмір тағылымы, уақыт таразысы тұрғысынан түйін-тұжырымдар жасап отырады. Бастысы, кеңестік жүйенің бағыты мен ұстанымы, осы кезең тарихнамасы уақыт шеңберінде өріс алып, негізгі құбылыстар мен оқиғалар өрімі аясында нақты да сенімді дамып отырады. Сондай-ақ, 1960 жылы Д. Қонаевтың Америка мен Англияға сапарлары кезіндегі

көрген-білгені, маңызды кездесулері, сырлы сұхбаттар мәні ерекше есте қалады. Америка Президенті Дуайт Эйзенхауэрдің көпшілік арасында Д. Қонаевқа назар аударып, өзара таныстықтан кейін Екінші дүниежүзілік соғыста фашизммен күрестің елдік-ерлік шежіресіне мән береді. Тиісті тұста, Б. Момышұлының Мәскеу түбіндегі қанқұйлы шайқастағы батырлық болмысы мен ерен ерлігін еске алады. Оның «Б. Момышұлына Кеңес Одағының Батыры атағы берілмегені рас па?» деген сөзі жұрт назарын аударған еді [5]. Сол тұста тарих дөңгелегі теріс айналып, ақиқат орнын жалған дақпырт алмастырғанын уақыт желінен білу қиын емес. Маңыздысы, Президент кездесуден соң Д. Қонаевты алып қалып, едәуір уақыт сұхбат құрады. Эйзенхауер жай сұхбаттасып қана қоған жоқ оны өз сынынан өткізді. Ел-жер мен адами құндылықтар, билік пен саясат ісіндегі күрделі де өткір мәселелер төңірегінде емен-жарқын сөйлескенді. Анығында, Президент Д. Қонаевтың ақыл-парасаты мен білім-біліктілігіне, адами-кісілік қасиеттері мен болмыс бедеріне, ұстаным жүйесіне қайран қалғанын жасыра алмайды. Баспасөзде жарияланған өз сұхбатында: «Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы», – деп жоғары бағалаған [5]. Романның бұл тұстарынан да Д. Қонаевтың биік болмысын, ақыл-парасаты мен аса жоғары жауакершілігін, көшелі елдің көсеміне тән көркем мінезі мен ұнамды қасиеттері кеңінен көрінеді. Адами мұраттары мен елдік мүддеге негізделген тұлғалық қырлары, ұлт тарихы мен атақты адамдардың өмір-тағдырына қанықтығы, даралық

жолы мен даналық қырларына, ғибратты жолдарына жетіктігі, дүниетаным арналары да бедерлі болмысы аясында кең өріс алады.

Мәскеуге бағыт алған Д. Қонаев жол үстінде атақты актер Қ. Қуанышбаевты кезіктірген-ді. Үлкен жолдың үстінде ел-жер жайлы, дүбірлі дүние дидары, руханият хақында емен-жарқын әңгіме тиегін ағытқан. Қазақ өнерін көтерудің көкейкестімәселелері төңірегінде де сыр-сұхбат орын алған-ды. Атақта актер пікір алысудың оңтайлы тұсында, ел басқару ісінде, ортақ мұрат жолында батыл қадам, ерен еңбек қажеттілігін анық-қанық айтады. Билік тұтқасына берік болып, заманның дүлей дауылды желі мен уақыттың асау толқындарына ел кемесін шайқалтпай алып жүру екінің бірінің қолынан келе бермейтін қасиетті іс екенін қаперіне салады [5]. Мәскеу сапарында Д. Қонаев Бас хатшы Н. С. Хрущев алдына Торғай облысын ашу мәселесін ашық көтереді. Автор Бараев басқарған Шортанды тәжірибе станциясы мен ондағы зерттеу негізінде - жер қыртысын аудармай жырту әдісіне қатысты Бас хатшының қарсылығын, қасаң түсінік пен мәнсіз-табансыз әрекетін де кейіпкердің еңбек Іәм өмір жолы арқылы дәлелді дерек, тәлімді тәжірибелер негізінде нанымды жеткізеді. Өмір өрімі, уақыт бедері айқын да мәнді.

Бас хатшы Н.С. Хрущев пен Д. Қонаев Мәскеуде, Алматыдағы актив жиындарында, тың өлкесі мен еңбек даласында әлденеше рет кездеседі. Отан қоймасына миллиард пұт алтын дән құю ісіндегі ерен еңбек үстінде де жылы жүздескен-ді. Алайда, Н.С. Хрущев пен Д.А. Қонаев арасындағы қарым-қатнас, елдік мүдде мен

мемлекет ісіне қатысты ортақ мұраттар жолында кереғар көрініс, көзқарастар қайшылығы анық аңғарылды. Айталық, Ертіс өңірі мен Зайсаннан Павлодарға дейін ондаған қой совхозын [5], Қостанай мен Торғайға қатысты әлеуметтік-экономикалық қажеттілік негізінен Торғай облысын ұйымдастыруға [5]. байланысты ұсыныстар жөнсіз кедергі, қайшылықты қарсылықтарға негізсіз ұшырап, аяқсыз қалады. Сондай ұсыныстарының біріне Бас хатшы: «Торғай облысын ашу керек пе, жоқ па – оны мен шешемін!» – деп менмен-көкіректік танытып, билік буына ісіп-кеуіп, өктем сөйлеуі мен басынудан өзге, империялық саясат салқыны да аңғарылар еді [5]. Хрущев Тың өлкесіне жолы түскенде, Шортанды институтына, оның директоры Бараевқа «өткір сын» айтып, мінеп-тілдеп, жер-жебіріне жетеді [5]. Ақмола деген сөздің мағынасына ден қойып, «Белая могила» деген аудармасынан шошынып, қала атын - Целиноград қою қажеттілігін қадап айтқаны бар-ды [5]. Өз кезегінде Д. Қонаев: «Бұл бір халықтың көне тарихы, кейінгі ұрпағына қалдырған сом ескерткіші. Аққайрақ тастан тұрғызған ғажайып қорғаны. Ғұндар дәуірінен аты өшпей келе жатқан биік қамалы. Есіл өзенінің керуен жолы өтетін кешу – Қараөткелді бес, алты ғасыр бойына сұлулыққа бөлеп тұрған күміс күмбезі. Бірақ, қазақ халқы бастан кешпеген азап, тартпаған тауқымет аз ба. Он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында қирап, тас-талқаны шыққан еді. Ел есінде оның тек аты ғана қалған. Енді содан да айырылғалы тұр. Сіздей бір елдің басшысы тарихқа бұлай қарамаса керек еді», – деп көпке ортақ мәнді жауабын жеткізген. Өкініштісі сол

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух тарихтан мақұрым Хрущев құлақ аспаса не шара. Д. Қонаевтың ататарихтан сыр тартып, Қараөткел мен Есіл өзені мәнін дәлелді дәлдікпен нақты жеткізіп, тарата айтқанына да мән бермеді. «Өзім білемін, шешемін!» деген билік-мансаптың өлшемі де, өктемдіктің бір көрінісі де осы емес пе?!.

Романның қайсыбір тұстарынан да Бас хатшы Н.С. Хрущевтың телефон-нұсқауы мен пәрменінің «қуатты күшін» аңғару қиын емес. «Телефон-нұсқаумен» Қазақстан Компартиясының екінші хатшысы Радионов Мәскеуге кетіп, Министрлер Кеңесінің төрағасы Дәуленов қызметінен босатылды [5]. Тың өлкесін құруға едел-жедел шешім қабылданды. Осы тұста Тың өлкесіне – Қарағанды облысын қосу мәселесін де көтереді. Бірақ, Д. Қонаев: «Егер Қарағанды бассейнін өлке құрамына қоссақ, онда астық өндіру жұмысы біржола тоқырап, тоқтайды. Өлке астықпен айналыспайтын болады», – деп оғаннақты мысал-деректер келтіріп, Хрущевті алған бетінен қайтарған. Ұлт мұраты, елдік мүдде алға шығады. Солай көмір өндірісі байырғы қалпында қалды [5].

Н.С. Хрущев пен Д. Қонаев тың өлкесінде әлденеше рет кездесті. Сондай сапарлардың бірінде Бас хашы: «Таяу жылдарда республика аралық шекаралар жойылады. Соған байланысты қазақ даласының солтүстік өңірін жайлаған астықты бес облыс Ресей федерациясының құрамына өтеді. Ал, Жамбыл облысының шығыс жақ бөлігін өзіне қосып алған Алматы облысы ұйғыр автономиясына айналады. Алматы қаласы соның орталығы болғандықтан, Қазақстан астанасы Қарағандыға көшіріледі. Шымкент түгел өзбектің құзырына қарайды. Маңғыстау түбегі Түрікменге

беріледі», – деп қазақ жерін бөлшектеп, бөліп алып, билеу керектігін жөн-жосықсыз мәселе етіп қояды [5]. Оның солтүстіктегі байтақ өңір – бес облысқа көз тігіп, негізсіз байлам жасап, балта шабуды көздегені анық. Империялық биліктің шектен тыс өктемдігін бүкпесіз айтып, алымды-шалымды әрекеттермен жеткізеді. Д. Қонаев өз кезегінде халық тарихы мен дәстүрін, дүниетаным арналарына мән беріп, екі ел достығын алға тартып, татулық пен тұтастықты тілге тиек етеді. Ол: «Қазақ сырты момын болғанмен, іші асау халық. Жер сияқты қозғалуы қиын. Ал, бір қозғала ма, дүниенің астан-кестенің шығарады. Байқаңыз. Елдің қытығына тиіп, көтеріп жүрмеңіз». – деп келіспейтінін батыл айтып, сол сәтте сес те көрсетеді [5]. Сөз арасында: «Ай-күннің аманында екі елді жауластырмаңыз. Ақылға келіңіз деп отырмын. Кешегі қанды қырғын соғыста Мәскеуді қорғап қалған қазақстандық-тар, соның ішінде Бауыржан Момышұлы басқарған дивизия екенін ұмытпаған шығарсыз», – дегенді де қыстырып, тарих қойнауына да еркін енді. «Бөліп ал да, билей бер!» саясатының негізсіз, тамырсыз екеніне мән берді. Ақиқатқа табан тіреп, бетпе-бет келіп, бүкпесіз айтты [5].

Жоғарғы Кеңестің кезекті сессиясы кезінде Д. Қонаевқа қатқыл үн қатып, Ж. Тәшеновтің қызметте кемшіліктер мен қателіктерге бой алдырғандықтан ОК-ке үстінен арыз-шағымның көп түскенін, соған байланысты республика Министрлер Кеңесінің төрағалығы қызметінен босатуға пәрмен берді [5]. Бертінде, оның Алматыда өткен республиканың 40 жылдық мерекелі салтанатында Ж. Тәшеновты қолдап, мақтанышпен атағаны да бар еді. Тіпті Орталық стадионның ашылу салтанатында «Тәшенов Қазақстанда

тың игерудің көшбасшысы, инициаторы», – деп арнайы мадақтап өткені де бар [5]. Халық ештеңені ұмытпайды. Кейіндеу ол Өзбекстанға жер беру мәселесін де көтерді. Мұның соңы белгілі, едел-жедел комиссия құрылып, оның төрағасына Ж. Тәшенов бекітіліп (мүшелері – Бейсебаев, Дәуленов, Арыстанбеков, Морозов, Гогосов, Шереметьев), арнайы қаулы қабылданады. Қаулыда Қазақ КСР-інің құрамындағы Бостандық ауданы және бұрын жалға берілген жерлер Өзбек КСР-інің құрамына беру туралы шешім қабылданады. Қаулыға қатысты бірқатар жайттар мен оның мәтіні қалың оқырманға ұсынылады [5]. Көп ұзамай, КОКП ОК кезектен тыс Пленумы өтіп, Н.С. Хрущевтің ел басқарған жылдары жіберген өрескел қателіктері мен кемшіліктері әшкереленіп, қызметінен босатылды. Бас хатшы қызметіне Л.И. Брежнев сайланды. Д.А. Қонаев ҚКП ОК 1-хатшысы болып қайта сайланды. Ұлт мұратына, ел мүддесі мен даму үрдістеріне жіті қарап, қолға алды. Қапшағай құрылысын бастап, өңірлік энергия мен су қоймасына жан бітті. Алматы қаласының экологиясына көңіл бөлді. Медеу шатқалын бөгеп-бекітіп, Алматыны сел қаупінен сейілтті. Ақмоланы немістерге автономия етуге де жасырын ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіп, ел қарсылығын білдіріп, дер кезінде тоқтатты. «Жас тұлпар» ұйымы мен оның төңірегіндегі жастарды қолдады. Абайдың немересі Мәкен Тұрағұлқызы Мұхамеджанованың өтініш-хатын орындап, Алматыға орналастырды. Шәкәрім қажы ұлы Ахатпен кездесті. Оның өмір-тұрмысымен танысып, Семейдегі Абай мұражайына директор етті.

Тарих, әдебиет пен өнер-мәдениет саласына қолдау көрсетіп, оның танымал тұлғаларына көмек етті. Қысқасы, Қазақстанды көркейтіп, әлеуметтік-қоғамдық һәм мәдени игіліктеріне кең өріс ашып, дамудың даңғыл жолына салды. Ел мерейі өсті. Болашақ бағдарына берік үміт ұялады.

Тарихи романның екінші бөлімінің де көтерген жүгі ауыр. Мәскеудің құйтырқы әрекет, содырлы саясаты ел дамуы мен өркендеу өрістеріне кедергі келтіргені сәт сайын танылады. 1986 жылдың көктемінде Бас хатшы М. С. Горбачев қазақ елі басшысын (Д. Қонаев) Мәскеуге шақыртып, Гурьев және Орал өңірін Орынбор облысына қосу, Теңіз мұнай-газ кеніші мен Түменді біріктіріп, біртұтас кешенді өндірістік аймақ құру бастамасын алға тартады. Қарашығанақты Ресейге қарату ісін де кеңінен қозғады [5]. Тиісті тұста Д. Қонаев қазақ халқының арғы-бергі тарихынан кемел де көшелі ойлар мен толғаныстарын ортаға салды. Орайлы мезетте: «...Ол сіз екеуміз шешетін оңай мәселе емес. Оны тек жер дауы мен жесір дауына көлденең келген көк аттыны өмірі араластырып көрмеген қазақ халқы шешеді», -деген Д. Қонаев халық тарихы мен дәстүрін, дүниетаным қағидаттарын кең көлемде алға тартып [5].

М. Горбачев пен Д. Қонаев арасы осыдан кейін-ақ «айқара ашылып», алшақтай берді. Империялық билік пен қитұрқы пиғыл кең өріс алды. Қазақ елі басшысының зейнетке шығу жайында жазылған өтінішіне де қырын қарады. Өз орнына кімді ұсынатынын сұрағанда Горбачев: «Ол орынға қатысты мәселені шешуді бізге қалдырыңыз», – деп

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух тек өздері ғана шешетінін айтқан. Бұдан, әрине қазақ басшысын қырына алғаны, бодан елдерге қатысты көзқарас-ұстанымы да анық аңғарылған еді.

Мәскеуде Саяси Бюро мәжілістері жиі өткен кездері де болды. Әсіресе, Л.И. Брежнев өмірден өткеннен кейін, санаулы жылдарда-ақ Ю.В. Андропов, К.У. Черненко, М.С. Горбачев Бас хатшылық тізгінін қолға алған бойда, әр қилы көзқарас, әңгімелер де желдей ескенді. Алдыңғы қарттарды қойшы, Горбачев жоғары басшылыққа келгенде жұрт мемлекет басына жас келді деп одан көп жақсылық күткен еді. Бірақ олай болмай шықты. Ұлттық республикаларға шовинистік, пасықтық көзқарастан аса алмады. Саяси жиындарда көпіріп көп сөйегеннен парасат, пайымының төмендігі көрініп қалып жүрді. Ол Қонаевтың басшылығы кезінде Қазақстандағы жауапты қызмет орындарында ұлттық кадрлардың аса көбейіп кеткенін біліп, олардың санын күрт қысқартып, орыстандыру саясатын көтеру үшін Колбинді мақсатты түрде жіберген еді. Кеудесіне нан пісіп, өзін шексіз билік иесі сезінген М. Горбачев бәріне елуінші жылдардың тұрғысынан қарап, ұлттық республикаларда жаңа ұрпақтың, соны көзқарас, талаптың келгенін сезіне алмады. Оның бұл өрескел қатесін Алматының студенттері мен жұмысшы жастары шығарып, батыл түрде наразылықтарын білдірді.

Алматыда өткен Пленум – 18 минутта аяқталды. КОКП ОК хатшысы Разумовский Д. Қонаевты қызметінен босатып, оның орнына Ресейдің Ульянов обкомының бірінші хатшысы Г.В. Колбинді тағайындады.

Пленум шешіміне қарсылық білдірген қалың көптің қарасы көп еді. Студент жастардың даусы да, екпіндері де қатты естілді. «Театр және кино» институтының профессоры А. Тоқпанов екпін-серпіні басым студенттерді сабырға шақырып, қызбалыққа салынбауларын қатты ескертті. «Ресейдің құйтырқы саясаты көп қатпарлы, терең астарлы» екенін де барынша байыпты баяндап, жіті қаперге салды [5].

Бұл кезде қарлы алаң жан-жағынан әскерилермен қоршалған еді. Қызыл жағалы жендеттер жастарға өктем үн қатып, қолдарындағы келтек темір, дубинка және сапер күрекпен ұрып-соға бастады. Жиналған жұрттың бір қатары кейін шегініп, бас сауғалап қашқақтай бастаған еді. Сол сәтте: «Жігіттер, қорқып тайсақтайтын болсаңдар, шалбарларыңды шешіп бізге беріңдер!, – деді бір жап-жас қыз айғай салып. – Сендерді туғанда аналарың қалжа жеген жоқ па? Еркек емессіңдер ме, немене? Намыстарың қайда?», – деген ащы дауысы мен жанайқайы естілді. Оның дауысы жалпақ жұртқа жетті. Ар-намысты оятып, жан-жүректі қозғағаны да анық еді.

Бұл – Қазақ университетінің 2-курс студенті Гүлжиһан есімді қыз еді. Ол қарлы боран мен мұз құрсауында жүрсе де ерік-жігері мықты, намысты да табанды, өжет мінез, өршіл рухты қыз екен. Елдің сөзін сөйлеп, жұрттың алдында жүрді. Жастардың қарасын көбейтіп, ар-намыстарын оятып, елдік әрекеттерге барып, жігерлі үн қосты. Бастысы, империялық билік ұстанымы мен қилы әрекеттеріне қарсылық көрсетті. Бодандық пердесін кейін серпіп, билік тұтқасын «берік қолға алған» кеңестік жүйе мирасқорларын, отаршылдық

ойранын сынап-мінеді. Тәуелсіздік мәнін, азаттық, теңдік үнін анық та айқын жеткізді. Ел басқару – ұлттың ісі екенін анық-қанық айтты.

Алаңды қоршап, күзетті күшейтіп, солдаттардан берік қамал қойған билік ереуілшілерді тоқтатуды мақсат еткен еді. Осы тұста билік тізгінін ұстаған – Мұқатов, Қаражамалдинов, Жоңғарбаев, Меңдібаев сияқты сыпалар құрамының уақыт желіне қатысты қозғалыстары, қимыл-әрекеті әлсіз, сөздері мәнсіз, салмақсыз шықты.

Жастардың бағытын бұрып, басқа жаққа кумақ болған бірқатар жеңіл мәшинелер қарсылыққа ұшырап, алау от пен тас-темірдің астында қалды. Жастар қозғалысын естіп, алаңға келген әйгілі режиссер Ә. Мәмбетов пен атақты актер Т. Жаманқұлов соққыға жығылған-ды. Есесіне, Ақ үй мен жан-жақтан түсірілген қуаты күшті прожекторлар, «Метель» операциясы бойынша шабуылға көшкен жасақшылар әрекеті т.с.с. жастарды жазаға тартып, азаптау мен қорлықтың астына алып, тергеу ісін де қатар жүргізді. Саяси Бюроның мүшесі М. Соломенцев Алматыға келгенде «зұлымдық операциясы» (Р. Рейган) еселеп қарқын алды. Жиын, мәжілістерде қазақты, жастарды мінеп-сынап, зәрін төгіп, «сұр жебесін» онды-соңды сілтеп, «ұлтшылдық таңбасын» басты. Қазақстан Жазушылар одағының көктемде өткен Пленумына Г. В. Колбин қатысқаны қаламгерлердің есінде. Желтоқсан тақырыбы да қозғалды. Майдангер-ақын Т. Бердияров, Ж. Молдағалиев және сатирик Ш. Смаханұлы елдік мүдде, ерлік шежіресін әр қырынан сөз етті. Мәскеудің «саяси ойын ережесі»

қазақ халқына, жастардың өмір-тағдырына кері әсер етіп, сызат түсіргені де барынша байыпты, дәлелді дәлдіктер негізінде жүйелі жеткізілді. Біріншімен сол кездесуде ақындар Тоқаш Бердияровтың: «Колбин, сен неге алаңдағы қазақ жастарын қанға бөктірдің?», Жұбан Молдағалиевтің: «Мен бұл қырғынды көргенше соғыста шейт болып кеткенім артық еді», -деп орындарынан атып тұрып, атой салғандары әлі қаламгерлердің құлағында. Тарихи романдағы Желтоқсан шындығы осы тұста анық аңғарылды. Өз кезегінде - Гүлжиһан Ордаева, Қайрат Рысқұлбеков және олардың төңірегіндегі жастар (Ж. Тайжұмаев, Т. Тәшенов, Қ. Күзенбаев т.б.) да елдік мүддеге, ерлік рухына адалдық танытты. Олардың айбын мен қайсарлыққа, өжет мінез бен өршіл рухқа толы асыл бейнелері – «Жетісу», «Огни Алатау» газеттерінде басылды. Сот залында Қ. Рысқұлбеков «Ақтық сөз» өлеңін оқып, онда қоғам қасіретін, империя құрсауындағы заман шындығын, өмір-уақыт желінің бағыт-бағдарын, салмақ-сырын жан-жүректен қозғап, көңіл түкпіріндегі мұң-зар, ыза-кек, шерлі шерді тереңнен толғады [5].

Анығында, ұлт мұратын қозғап, ел мүддесін қорғап, азаттықты ту еткен – Желтоқсан қозғалысынан (Ұраны: «Әр халыққа - өз басшысы!») Ресейдің империялық саясаты, отаршылдық ойранының озбыр да өктем, содырлы сиқы анық көрінер еді. Ел тәуелсіздігі жолындағы күресте өмір сапарлары ерте аяқталған – Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхамеджанова және басқалар – Желтоқсан қаһармандары ретінде құқықтық

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух мәртебесі айқындалып, арнайы орынға монумент орнату қажеттілігі жіті сезілетіндігін қайыра еске алу артық емес. Елдік жолындағы ерен еңбек нәтижесі, ұрпақ әрекеті көп жадында жүргені баршамыз үшін кәделі де сауапты іс екені ақиқат жайттардың бірі. Болашақ бағдары, уақыт рухы да осы тұстан жіті танылады.

Тарихи романның 3-бөлімі Д. Қонаевтың күзет тобына қызметке алынған Амангелді Шабдарбаевқа таңдау түскені төңірегінде өріс алады. Алғашқы кездесу, сұхбаттасу сәтінде оның әкесі Смағұл Шабдарбаев Ақсай өзенінің суын бөгеп, колхоз-совхоздар мен аудандарға электр жарығын тартқанымен жұрт жадында қалғаны отбасылық құндылықтар хақында байыпты баяндалады [5]. Д. Қонаев күзет қызметіне қабылданған А. Шабдарбаевты Мәскеуге алғаш ертіп баруы, Көкшетау обкомының бірінші хатшысы Мақтай Сағдиевті жан-жүрегі таза адам деп білетіндіктен, арнаулы хатты сеніп тапсыруы, кейінгі кезеңдегі зұлмат-зауал тұсындағы қилы сәттің суреттері де ұтымды берілген. Америкадан келген «Вашингтон пост» газеті тілшісімен сұхбатында Ұлы Дала тарихы мен тәжірибесін, дәстүрі мен дүниетаным арналарын кеңінен сөз етті [5]. АҚШ-тың көрнекті қоғам қайраткері Гарриманмен болған кездесу-сұхбат сырларынан ұлттық мұрат пен елдік мүдде, билік пен шетелдік қарым-қатнас мәні айқындалады [5]. «Өзбек ісі» қозғалған кезде, оған қатысты тексеріс тұсында – Гдлян мен Мелкумов әрекеті, Мәскеулік тергеуші Колинченконың қаһарлы һәм жат, теріс те сұсты пиғылдары өзара салыстырылады [5]. Тергеу тұсында қызметтік һәм отбасылық қитұрқы әрекеттер мен «айлакерлік сұрақтар» қойылады. Оған: «Ұлтшыл

адам ғана ұлтын жан-тәнімен сүйе біледі», – деген мәнді де нақты, орынды жауаптар беріледі [5].

Мәскеудің прокуратурасынан келген полковниктің Желтоқсан көтерілісіне қатысты неше алуан мазмұндағы сұрақтарына да Д. Қонаев ұлт мұратын алға тартып, мәнді де тұщымды жауаптар береді. Ұлы Даланың құдіреті мен қасиетін, Алаштың Алатауын, өмір мәні мен тәжірибесінен бірқатар мысал-деректер келтіріп, сауатты да сапалы салыстырулар жасайды. Сөз орайы келгенде: «Артымда ауыр сөз қалмаса екен. Ұстанымым осы!», – деген [5]. Бұл – ақиқатты ту еткен, ар-ожданына жүгінген жанның сөзі. Еш кұман тудырмасы анық.

Бұдан басқа, Д. Қонаев орнына өздерін «үміткер санап» жүрген – Жоңғарбаев, Қаражамалдинов, Әбуталиев, Меңдібаевтар қисынын тауып, Г.В. Колбинге ата жауындай көрген жанды қаралау бағытында «тосын сыр» ашады [5]. Төртеуінің Колбинге жағымпаздығы, Қонаевқа деген өшпенділіктері бір-бірімен жарыса сөйлегендерінен көрініп, «өзі болып, толған қыз төркінін танымастың» керін келтіріп жатса, қалай қынжылмассың. Абай: «Күшік асырап, ит еттім, Ол балтырымды қанатты. Біреуге мылтық үйреттім, Ол мерген болып, мені атты», – демей ме?! Кемеңгер ойшыл қалай дөп басып айтқан десеңші. Қазақ «Кімнің кім екенін басыңа іс түскенде білерсің!», – дейді. Өнші термеші Жәнібек Кәрменов «Ойламаңдар жігіттер» деп аталған термесінде «...Күні үшін жүрген қулардың, Бірі де қалмас қасында», – деп жазылған жолдар бар. Сол бір ауыр жылдары қоғамдық өмірден бөліп тасталған Қонаевтың бұрын жанынан шықпайтындар амандық-саулық сұрасу былай тұрсын, қарасын да көрсетпей кетті. Тек ақын

Олжас Сүлейменов пен ішкі істер қызметкері Амангелді Шабдарбаев қана күнде жанында болып, достыққа адалдықтарын көрсетті. Әсіресе А. Шабдарбаев оны әкесіндей сыйлап, алғашқыда қызметінен бас тартып, жанына жалау болды.

Кеңестік жүйенің зұлмат пен зауалға толы қитұрқы әрекеті, ұлттық тарих пен елдік сананы жоққа шығарған содырлы саясаты әр тұстан-ақ көрініс береді. Бұған қатысты Д. Қонаевтың «Бақанақта тумаған, Алматыда өмірге келген» деген дау-дамайлар төңірегінде де кең өріс алады. Тоталитарлық жүйенің жарамсақ жолбикелері ұлттық сананы төмендетіп, елдік мүддені аяқасты етіп, оның біртуар болмысты азаматтарын аттан түсіріп, биліктен аластату жолындағы ұсақ тірліктері де Қонай әулеті, Кенесары хан мен тарихшы Е. Бекмаханов төңірегінде сөз етіледі. Бақанас пен Қараой өңірі жайындағы толғам-толғаныстар да қоғамдық һәм әлеуметтік бағыттардан өзге, ұлттық һәм тарихтық мәні, елдік сипаттарымен есте қалады [5]. Негізгісі, Д. Қонаевтың адами болмысы, даналық пен даралық һәм қайраткерлік қырлары, өмір өнегесі мен тәжірибе тәлімі ел алдындағы ерен еңбегімен, отбасылық құндылықтарымен, жауапкершілік жүгін терең сезініп, жасампаздық рухқа мән беріп, адалдық пен тұрақтылыққа табан тіреген тұлғалық бейнесімен романда бедерлі бейнеленгені анық аңғарылады.

Тарихи романның 4-бөлімінде Д. Қонаевтың елу жыл, алты ай, екі күн отбасылық өмірде бірге ғұмыр кешкен асыл жары – Зухраның өмірден өтуі, одан кейінгі қиын да сындарлы сәттер кең көлемде орын алыпты. Д. Қонаевтың жары Зухра

ханымның от басындағы орыны, әкесі – Шәріптің дәулетті, сауатты болғаны, оның өмір сапары Ташкентте аяқталғаны, анасының Атбасарда жерленгені жөнінде де кеңінен сөз етіледі. Сондай-ақ, романда Д. Қонаев өмірінің соңғы кезеңі, оның Алматының тау бөктеріндегі кеше мен бүгінге қатысты мың сан ойлары мен толғаныстары, «жалғыздық кезеңінің» көлеңкелі тұстары мол салқын да сүреңсіз сиқынан, Мәскеу-Қазақстан қатынасы мен Горбачев-Қонаев көзқарастарынан қатпарлы тарихтың «шерлі шежіресіндей» сыр ашады [5]. Кремль-Горбачев-Колбин ұстанымы, Желтоқсан – Жастар бағыты да нақтылы дерек, мол материалдар негізінде кең түрде орын алған [5]. Кремльдің Т. Рысқұлов және Д. Қонаев хақындағы ұстанымдар мәнінен де «билік тізгінінің» салқын да ызғарлы лебін аңғаруға болады. Тарих пен өмір тағылымының сырлары да мол. Бұл тұстардан ұлт мәні, ел-жерге қатысты ұстанымдар жүйесі дәлелді, мол материалдар негізінде мәнді-нәрлі қалпында ұнамды көрініс табады.

Түркі дүниесіне мәшһүр Халифа Алтай мен Шығыс өнерінің танымал жеңімпазы Мұстафа Өзтүрікпен, алғашқы ұлттық ғарышкер Тоқтар Әубәкіровпен болған жылы шырайлы кездесу-сұхбаттар мәнінен де адамдық борыш, ізгілік пен имандылық, адамгершілік пен жауапкершілік жүгі, сыйластық сырлары ұтымды суреттелген [5].

Сондай-ақ, Д. Қонаевтың Оңтүстік өңіріндегі аттары аңызға айналған тарихи тұлғалардың соңғы сапары аяқталған жерлерде болып (Арыстан баб, Қ. А. Ясауи, Айша бибі, Қарахан, Төле би, Сыпатай батыр т.с.с.), тәу етіп, зиярат жасауы

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух кәделі де сауапты сипаттарымен есте қалады [5]. Түркия сапары (Анкара, Ыстанбұл, Конье), Ататүрік тағылымы ғасырлар қойнауынан тамыр тартқан, бауыр халықтардың достығын әр қырынан көрсетіп, кең түрде ашуымен де құнды.

Тарихи романның тұтас табиғатынан байқалатыны, Д. Қонаев қызмет бабындағы ресми адамдармен, (Н.С. Хрущев, Л.Н. Брежнев, М.С. Горбачев, Ю. В. Андропов, К.У. Черненко, Ж. Шаяхметов, Ж. Тәшенов, Н. Оңдасынов, И. Юсупов, К. Аухадиев, М. Сағдиев т.б.), еңбекшілермен, бейресми кездесу-сұхбаттарда да ұлт мұраты мен елдік мүддені жоғары қойғанын аңғарамыз. Автор халық қағидаттары мен дүниетаным арналарын, дәстүр мәні мен дін нәрін, өмір тағылымын кең түрде пайдаланып, жүйелі жеткізген. Ататарих пен тұлғалар тағылымын (Абылай хан, Бәйдібек, Кенесары, Төле би, Бөлтірік шешен, Абай, Жамбыл, Шәкәрім, Т. Рысқұлов, Б.Момышұлы, Қ. Сәтбаев, Е. Бекмаханов, М. Әуезов, Қ. Қуанышбаев т.б.) сөз жүйесінде, ойлар мен толғаныстар тоғысында көңілді кеңге салып, айрықша жылылық, мейірім шуағымен орынды кестелегені оқырманды тәнті етіп, бей-жай қалдырмайды.

Романдағы тақырыптық ерекшелік пен оқиға өрісінен, даму үрдістерінен, әсіресе тарихи тұлға – Д.А. Қонаевтың бүтін болмысын, ерен еңбегін кең көлемде көрініс берді. Оны біліп-сезіну ісінде, әсіресе Ақеділ ақынның бейнесі де жарқырай көрініп, орын-үлесі терең таныла түседі. Оның, әсіресе Айдар атасының қолында ұлтық тәлім-тәрбие уызына қанығуы, болашағын батыл бағдарлауға, өмір-тұрмысты тануға әсер-ықпалы мол болды Желтоқсан оқиғасы тұсында өжет те

өршіл қыз – Гүлжиһанның батыл әрекет-қимылдарын көріп, ақ қар, көк мұз үстіндегі көзсіз ерлік, жанкештілігіне көз жеткізіп, ағалық көңілін, сөз жәрдемін тигізді. Тіпті, жаурап-тоңғанын көріп, қолындағы қолғабын беруі, қызыл жағалылардың өктем де өрескел әрекеттеріне төзбей, қарсылық көрсетуі, күрделі де қиын кезеңде Шона ақынның қасынан табылуы, Жазушылар одағының көктемгі Пленумы тұсында Т. Бердияров, С. Бердіқұлов, Ж. Молдағалиев т.б. елдік мүдде жолындағы өр мінезін, өршіл рухын көруі - Ақеділ ақынның адами болмысын, елшіл-қоғамшыл бейнесін таныта түседі. Бұдан кейінгі жерде, атап айтқанда ескерткіш маңындағы ит жетектеген екі кемпірдің қисынсыз да өрескел әрекеттеріне батыл түрде қарсылық білдіруі, Д. Қонаев қайтыс болған кезде көппен бірге болып, соңғы сапарға шығарып салуы, жан жылуы мен мейірім шуағын жүрек жазбаларына түскен өлең-жырларымен жүйелі жеткізуі әсерлі де мәнді шықты [5]. Мұның бәрі-баршасынан Ақеділ ақынның адамдық борыш пен азаматтық ұстанымы, қайсарлық қасиеті мен өршіл рухы, кісілік пен кішілікке толы асқақ бейнесі анық аңғарылады.

Тарихи романның тұтас табиғатына қатысты атап өтер жайттардың негізгі қатарында – мазмұндық-құрылымдық мәніндегі жүйелілікті, баяндау мәнерінен бірізділікті, көркемдік өрісінен бейнелілік пен бедерлілікті, даму үрдістерінен дәлдік пен нақтылық сынлы белгі-ерекшеліктердің терең танылатынын анық аңғарар едік. Оның үстіне ескерер жайт: «...Роман – үнемі қозғалыстағы, даму үстіндегі, динамикалы, өскелең жанр. Уақытының күнбағары. Заманына, геройына қарай шалт құбылып өзгеріп отырмақ» [6].

Бұдан басқа, жанр талабы, тарихи роман табиғаты мен тағылымы - ел мұраты мен ұлт рухын басты бағыт, негізгі ұстаным етеді. Әдебиет зерттеушісі Ш. Елеукенов «Тарихи романның жаңа өрісі» атты мақаласында: «...Қазіргі тарихи романның өткенге сұрау салуы бұрынғыдан батылырақ, ауқымдырақ. Бұлжымас принципі – шындық. Әр дәуірдің күнгейі мен теріскейін қаз-қалпында көрсете білу», -деп жазады [7].

Қорытынды. Осы реттен алғанда, мемлекет һәм қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың өмір мен еңбек жолы, билік басындағы әрекет-қимылдары адамдық мұрат пен адамгершілік қағидаттары аясында кең өріс алады. Елшіл-қоғамшыл көзқарастары мен дүниетаным арналары арасында берік байланыс бары анық аңғарылады. Ұлттық мұрат пен елдік мүдде, адами құндылықтар өлшемінен ақыл-парасат, білім-білік, өмір тағылымы танылып тұрады. Елге жақындығынан, өмір мен еңбекке құштарлығынан, қарапайымдылығы мен кеңдігінен – кішілік пен кісілікке тән белгі-ерекшеліктерінен көрген-түйгені, тәлім-тәжірибесі жіті көрініс береді. Бұдан байқалатыны, тарихи романның тұтас мазмұны мен асыл арқауын құраған – Д.А. Қонаевтың адамдық борыш-мұраттары мен өмір-еңбек жолдарынан, дүние-таным арналары мен тәлімді тәжірибенің терең иірімдерінен - бүтін болмыс бедері, тұлғалық бейненің асқақ айбыны да анық-қанық көрінетінін алабөтен атап өтер едік. Ендеше, ақын-қаламгер Р. Ниязбектің «Көсем» атты тарихи романы мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың адами мұраттары мен елдік мүддесін, азаттық аңсаған

алашшыл жүрегі мен саяси-фәлсафалық қырларын, көзқарас эволюциясы мен дүниетанымлық-эстетикалық ұстаным жүйелерін көркемдікпен қорытып, деректік һәм құжаттық материалдармен байытқан ғибрат-тық һәм танымдық мәні, мәдени-рухани нәрі мол, шығармашылық қазынасы байтақ тағылымды туындылар қатарына жатады.

Тұтастай алғанда, ақын-қаламгер Р. Ниязбектің шығармашылық мұрасының басым бөлігін құраған – поэзия мен прозалық туындылары елдік мүдде мен ұлттық құндылықтар мәнін бар биіктен де жоғары қояды. Ел-жер, дәстүр мен дүниетаным, тарих пен таным, танымал тұлғалардың өмірі мен еңбегін кемел де көркем сөз етіп, мәдени-рухани қыры мәнді, оқиға өрімі мен көркемдік шешімі, елдік мүдде мен ұлттық рухы ақиқат жайттарға, уақыт үніне сәйкес құрылғандықтан, әсерлі де нанымды, жүйелі жеткізіледі. Маңыздысы, уақыт рухын айқын да терең сезініп, дәстүр мен дүниетаным арналарын, тарих пен таным тоғысын, кеше мен бүгін байланысын сабақтастық тұрғысынан нанымды көрсетеді. Елдік ұстаным, тарихи сабақтастық, ұлт пен ұрпақ, отан мен отбасы құндылықтары – қоғамның басты байлығы, қазіргі кезеңнің шынайы шындығы ретінде байыпты баяндалады. Қоғамның – қымбат қазынасы, басты байлығы – адам мен оның өмірі кең орын алады.

Шығармашылық тұлға (Р. Ниязбек) бейнесі мен бедері – ақиқат алдында бар қырынан жарқырай көрініп, бүгінгі күнмен үндесіп, жаңа арна, кең өрісімен жұрт жадында қалды. Қымбат қазыналары (кітаптары) қалың көпшілікке жетті. Кешеден бүгінге жеткен руханият

Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух сапары әдеби-мәдени әсер-ықпалымен жұртты қуанта береді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық [мәтін].- Алматы: Аруна, 2005. – 396 б.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі, 10-том [мәтін]. – Алматы: Қаз Ақпарат, 2006. – 289 б.
3. Қабдолов З. Сөз өнері. Оқулық [мәтін] / З.Қабдолов. – Алматы: Мектеп, 1976.- 258 б.
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. 3-басылымы.-Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 30 б.
5. Ниязбек Р. Көсем. Тарихи роман [мәтін] / Р.Ниязбек. – Алматы, 2021.- 676 б.
6. Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар.- Алматы: Evo Press, 2014.- 708 б.
7. Қазақ романы: өткені мен бүгіні. Ұжымдық монография. – Алматы: «Алматы баспа үйі», 2009.- 644 б.
- 8.

Р.С.Турысбек

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

ЦЕЛИ И НАСТАВЛЕНИЯ ПАРТИИ АЛАШ, ОСВОБАЖДАЮЩИЙ ДУХ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ ПОЭТА РАФАЭЛЯ НИЯЗБЕКА

Аннотация. В статье широко рассматривается творческое наследие поэта-писателя Рафаэля Ниязбека, особенно значение гражданского и освободительного духа в его поэзии, народных интересов и национальных идеалов в его прозе, личностных исследований. Гражданская позиция поэта-писателя и фундаментальные поиски в произведениях разных жанров посланникобщественной направленности, тематическая специфика, своеобразие сущности жанрово-художественных характеристик излагаются с разных сторон и выражаются с точки зрения доказательной точности, фактического анализа, изучения внимания, серьезных дифференциаций-сравнений. Кроме того, в произведениях малого, среднего и объемного жанров широко представлены общественные явления, реалии времени, человеческие идеалы и бытие труда, История страны-земли, традиции и мировоззрение, сокровенные источники духовности, каналы воспитания. Идеалы и позиции поэта –писателя, сущность народных интересов и духовности подробно изложены в художественном творчестве, изучены и проанализированы, в результате чего отчетливо прослеживаются особенности видения и подписи, следы различных поисков в направлении раскрытия темы, пути познания и создания природы личности, система мысли и слова, Языково-стилевые характеристики.

Ключевые слова: свобода, страновые интересы, история, независимость, нация, время, духовность, текст, слово, стиль.

R.S. Turysbek

L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

GOALS AND PRECEPTS OF THE ALASH PARTY, HARNESSING THE SPIRIT IN THE WORKS OF POET RAFAEL NIYAZBEK

Abstract. The article widely considers the creative heritage of poet-writer Rafael Niyazbek, especially the significance of civil and liberating spirit in his poetry, people's interests and national ideals in his prose, personal research. The civil position of the poet-writer and fundamental searches in works of different genres, thematic specificity, peculiarity of the essence of genre-artistic characteristics are presented from different sides and expressed in

terms of evidentiary accuracy, factual analysis, attention study, serious differentiations-comparisons. In addition, in the works of small, medium and volume genres, social phenomena, realities of time, human ideals and being of labor, History of the country-land, traditions and worldview, hidden sources of spirituality, channels of education are widely represented. The ideals and positions of the poet-writer, the essence of the people's interests and spirituality are detailed in the artistic creation, studied and analyzed, as a result of which the features of vision and signature, traces of various searches in the direction of the disclosure of the theme, ways of cognition and creation of the nature of personality, the system of thought and word, Language and style characteristics are clearly traced.

Key words: Freedom, country Interest, history, independence, nation, time, spirituality, text, word, style

References

1. Qazaq әдебиеті. Ёнциклопедиялық анықтамалық [Kazakh literature. Encyclopedic reference book].- Almaty: Arwana, 2005. – 396 p. [in Kazakh]
2. Qazaq әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі, 10-том [History of Kazakh literature. The period of independence, volume 10]. – Almaty: Qaz Akparat, 2006. – 289 p [in Kazakh]
3. Qabdolov Z. Söz öneri. Oqwlıq [The art of speech. Textbook] / Z. Qabdolov. – Almaty: Mektep [Almaty: School], 1976.- 258 p [in Kazakh]
4. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. 3-басılıмı [Literary Studies. Dictionary of Terms. 3rd edition].-Semey-Novosibirsk: Thaler-Press, 2006. – 30 p. [in Kazakh]
5. Niyazbek R. Kösem. Tarıxı roman [Kosem. Historical novel] / R. Niyazbek. – Almaty, 2021.- 676 p. [in Kazakh]
6. Qazirgi әдебиеттегі jalpı adamdıq qundılıqtar [Universal human values in modern literature].- Almaty: Evo Press, 2014.- 708 p. [in Kazakh]
7. Qazaq romanı: ötkeni men bügini. Ujımdıq monografiya [Kazakh novel: past and present. Collective monograph]. – Almaty: «Almaty baspa üyi» [Almaty Publishing House], 2009.- 644 p. [in Kazakh]

13.08.2025 ж. баспаға түсті

3.09.2025 ж. түзетулермен түсті.

30.09.2025 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:

Тұрысбек, Р.С. Ақын-қаламгер Рафаэль Ниязбек шығармашылығындағы алашшыл мұрат пен азатшыл рух [Мәтін] / Р.С. Тұрысбек // Dumaty University Хабаршысы. – 2025. – №3. – Б. 7-28 <https://doi.org/10.55956/JORN9583>



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).